№39
(7933)
4 қазан
Сейсенбі,
2022 жыл
uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

# «AMANATТЫҢ» АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ 44-ШІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ




«AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының кезектен тыс 44-ші конференциясына партияның саяси кеңес мүшелері, бастауыш партия ұйымынан сайланатын делегаттар, фракция мүшелері қатысты. Конференцияның күн тәртібіне «AMANAT» партиясының Саяси тұғырнамасының жобасын талқылау туралы, «AMANAT» партиясы Ақтөбе аймақтық филиалының кезектен тыс XXXVIII конференциясына делегаттарды сайлау туралы мәселелер ұсынылды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселелер бойынша филиалдың атқарушы хатшысы Еркін Жиеналин баяндама жасап, жаңа Саяси тұғырнаманың негізгі ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

«AMANAT» партиясының саяси тұғырнамасы: негізгі тұстары Қазақстан дамудың жаңа дәуіріне қадам басты. Біздің алдымызда түбегейлі саяси, экономикалық реформаларды табысты іске асыру, демократиялық қағидаларға негізделген жаңа, Әділетті Қазақстанды құру міндеті тұр. Біз ұлан-байтақ жерімізде бейбітшілік пен тәуелсіздікті қорғайтын, сақтайтын және нығайтатын боламыз. Бұл – бабаларымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың алдындағы біздің қасиетті аманатымыз» - деді Еркін Жұмағазыұлы. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ауданның атынан 4 делегат сайланып, бір ауыздан қолдау тапты. Басқосу соңында өзге де өзекті мәселелер талқыланып, Саяси тұғырнаманың артықшылықтары мен тиімді тұстары айтылды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ




**Құрметті сайлаушылар!**
**2022 жылғы 20 қараша**
**Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы**

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазаннан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Осы құқықты:
- дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар;
- басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;
- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады.

Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап сізге өз учаскеңіздегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

**Құрметті сайлаушылар!**

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылдаңыз!

**ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

# «ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ!»

**ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРЫМЫЗ ЖАСТАРҒА ЖОЛ СІЛТЕП, ҮЛГІ БОЛАР ӨТКЕННІҢ САРҚЫТТАРЫ. ОЛАР БАРДА ДАСТАРХАНЫМЫЗ ЖИЫЛМАЙ, МАМЫРАЖАЙ ТІРШІЛІК КЕШІП, ӨНЕГЕЛІ ӘҢГІМЕЛЕРІН ӘРДАЙЫМ ТЫҢДАУҒА БОЛАДЫ. ӨРЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫН ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛЕУІНЕ АРНАП, ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРІП ОТЫРҒАН ШАҚТА ҰРПАҚТАРЫНА ИГІЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ, ПАЙЫМ-ПАРАСАТТЫҢ ҮЛГІСІН ТАНЫТУДАН ЖАЛЫҚҚАН ЕМЕС.**

Осы орайда өткен жұмада «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында 1 қазан «Халықаралық қарттар күні» қарсаңында мерекелік дастархан жайылып, қазыналы қарттарға сый-құрмет көрсетілді. «Қарты бар үйдің қазынасы бар», - демекші, өмірінің өткен белестерін еліміздің дамуына арнаған қарияларымыздан біздің үйренеріміз көп. Олардың ақыл-кеңестері бүгінгі буынның алға ұмтылуына оң септігін тигізері сөзсіз.

Айтулы шараға аудан әкімі Асқар Қазыбаев арнайы қатысып, барша ақ жаулықты аналарымызбен көнекөз қарияларды мерекелерімен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді. Сондай-ақ аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мерекелік шараға жиылған ардагерлерді еркін отырып, кешті көңілді өткізуге шақырып, ақын, Сағи Жиенбаевтың сөзіне жазылған «Қарттарым, аман-сау жүрші!» термесін домбырамен орындап берді. Мерекелік дастархан басында бас қосқан қарттарымыз өнегелі әңгіменің тиегін ағытып, көңілді отырды. Ұйымдастырушы тарапқа алғыстарын білдіріп, еліміздің өсіп-өркендей беруін тіледі. Мерекелік дастархан басында ҚР мәдениет қайраткері, мәдениет саласының ардагері Амангелді Жұманов домбырасымен жиылғандарды бір тамсандырса, әрі қарай Қазыбек Нұрымгерейұлы бастаған ақсақалдар әсем әндерімен мерекелік шараның көркін келтірді. Әрі қарай мерекелік шараны аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мағыналы әндерімен әрлеп, барша мерекелік шараға жиылған ата-әжелерімізге мерекелік сыйлықтар табысталды.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**



# ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДА ОНЛАЙН СУПЕРМАРКЕТ ҚҰРЫЛАДЫ



Қазақстанда Бірыңғай цифрлық экожүйе немесе басқаша айтқанда, жұмыспен қамту саласындағы онлайн қызметтер супермаркеті құрылатын болады. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен мәлім етті.

Электрондық еңбек биржасы (ЭЕБ) базасында ашылып жатқан онлайн қызметтер супермаркеті азаматтарды мамандық таңдаудан бастап еңбек қатынастарын ресімдеуге дейін қолдау білдіреді.

Бүгінгі таңда ЭЕБ базасында жұмыспен қамту саласындағы болашақ супермаркеттің 6 негізгі құрамдас бөлігінің бесеуі іске асырылды.

ЭЕБ негізгі элементі – бұл жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң Enbek.kz. Онда 205 жұмыспен қамту орталығының, 44 жеке жұмыспен қамту агенттігінің және 5 онлайн жұмыспен қамту алаңының вакансиялары шоғырланған. Бұл алаңда азаматтар бағыттар, кәсіптер және дағдылар бойынша лайықты бос жұмыс орындарын, ал жұмыс берушілер – олардың талаптарына сәйкес келетін қызметкерлерді іздей алады.

Бұл ретте Армения, Беларусь, Қырғызстан мен Ресейдің ұлттық ақпараттық жүйелеріне қолжетімділігі бар «Шекарасыз жұмыс» бірыңғай іздеу жүйесінің арқасында тек Қазақстанда ғана емес, Еуразия экономикалық одақ елдерінде де жұмыс табуға болады.

Сондай-ақ ЭЕБ базасында халық үшін қажетті дағдылар бойынша Skills Enbek –маркетплейс курстарының онлайн оқыту платформасы жұмыс істейді. Оқыту барлық ниет білдірушілер үшін қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі. Бүгінгі таңда 150-ден астам курс орналастырылған, олардың 103-і – тегін. Бұл ретте 124 мыңға жуық адам белгілі бір курстан өтіп, тиісті дағдыларды игеру туралы сертификат алды.

«Жұмыспен қамтудың цифрлық инфрақұрылымындағы тағы бір жаңалық HR Enbek платформасы – жалдамалы жұмысшылардың еңбек жолын цифрлық есепке алу алаңы болды. Бүгінде платформаны 272 мыңға жуық жұмыс беруші пайдаланады. Бұл елдегі барлық жалдамалы қызметкерлердің 63% қамтиды», – деді «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Дәулет Арғындықов.

Порталдың көмегімен электронды еңбек шарттарын жасау мүмкіндігі бар, осылайша қызметкерлер автоматты түрде электронды еңбек кітапшасын да толтыра алады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияның арқасында басы артық құжаттар мен анықтамаларды жинамастан жұмыскерлердің жеке істерін автоматты түрде қалыптастыруға болады.

Платформа бизнеске электронды кадрлық іс жүргізуді тиімді жүргізуге, қызметкерлерді жалдау кезінде шығындар мен деректерді бұрмалау тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жұмыс берушілер үшін еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға анонимді өзін-өзі диагностикалау сервисі іске қосылды.

Сондай-ақ, жұмыспен қамтудың цифрлық экожүйесінің маңызды элементі Business Enbek платформасы болып табылады. Ол бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар алудың: өтініш беруден бастап гранттың өзін алуға дейінгі барлық процестерін толық автоматтандыру үшін іске асырылған. Барлық құжаттама электрондық форматта ресімделеді. Қазіргі уақытта 12 мыңнан астам өтінім мақұлданды. Жыл соңына дейін барлығы 20 мың грант беру жоспарланып отыр.

Келесі жылы тағы бір маңызды элемент – мамандықтар бойынша цифрлық жол сілтегішті іске қосу жоспарлануда. Ол еңбек нарығындағы барлық мамандықтар туралы ақпарат жиынтығының бір түрі болады. Әрбір ізденуші белгілі бір маманның не істейтінін, ол үшін қандай білім қажет екенін, орташа жалақы мөлшерін, еңбек нарығындағы осындай кадрларға деген қажеттілік туралы біле алады. Бұл мамандық пен одан әрі мансап таңдау алдында тұрғандарға көмектеседі.

**Қазақпарат**

# «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ КЕЗДЕСУЛЕРІН БАСТАЙДЫ

IPO САМҰРЫҚ

«Самұрық-Қазына» қоры Қазақстанның барлық өңірлерінде IPO тақырыбында тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру кездесулерін бастайды.
Халықпен, кәсіпорын жұмыскерлерімен және қоғам қайраткерлерімен кездесулер бүкіл елде 60-тан астам қалада өтеді. Іс-шараларға «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, AIX және KASE қазақстандық қор биржаларының және брокерлік-дилерлік ұйымдардың өкілдері қатысады.
Сарапшылар қоғамды Қордың жекешелендіру бағдарламасының және портфельдік компаниялардың IPO-ның іске асырылу барысымен, оның ішінде бірінші IPO-кандидаты – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясына қатысты негізгі ақпаратпен таныстырады.«Самұрық-Қазына» АҚ мақсаттарының бірі - барлық қазақстандықтардың IPO-ға қатысуын қолжетімді ету. Үкіметтік Жекешелендіру жоспарын іске асыру шеңберінде, Қор Қазақстан Республикасының азаматтарына өз активтерін бәсекелес ортаға шығару тетіктері және елдің ірі компанияларының IPO-ға қатысу мүмкіндіктері туралы толық ауқымды ақпарат таратуды жалғастырады.

**«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс департаменті**

# ФОНД «САМРУК-ҚАЗЫНА» НАЧИНАЕТ СЕРИЮ ИНФОРМАЦИОННО-РАЗЬЯСНИТЕЛЬНЫХ ВСТРЕЧ С НАСЕЛЕНИЕМ

Фонд «Самрук-Қазына» начинает серию информационно-разъяснительных встреч с населением по теме IPO во всех регионах Казахстана.
Встречи с населением, работниками предприятий и общественными деятелями пройдут в более 60 городах по всей стране. Участвовать в мероприятиях будут представители АО «Самрук-Қазына», АО НК «КазМунайГаз», АО «Казпочта», казахстанских фондовых бирж AIX и KASE и брокерско-дилерских организаций.
Эксперты ознакомят общественность с ходом реализации программы приватизацииФонда и IPO портфельных компаний, в том числе с ключевой информацией по первому IPO-кандидату – компании АО НК «КазМунайГаз».
Одна из целей АО «Самрук-Қазына» - сделать участие в IPO доступным для всех казахстанцев. В рамках реализации правительственного Плана приватизации, Фонд продолжит полномасштабное информирование граждан Республики Казахстан о механизмах вывода в конкурентную среду своих активов и возможностях участия в IPO крупнейших компаний страны.

**Департаментпо связям с общественностью АО «Самрук-Қазына»**

# ТАБИҒИ ГАЗ ТҰРМЫСТА. АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалы (әрі қарай – «ҚТГА» АҚ АӨФ) тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану бойынша талаптарды сақтау туралы газ тұтынушыларын ескертеді.
Барлық жағдайларда, оқиғалардың себептері болып газ пайдаланушы қондырғыларды пайдалану кезінде тұтынушылардың қауіпсіздік талаптарын бұзуы мен салғырт қарауы табылады:
- газ қондырғылардың құрылымын өзгерту;
- өз бетімен газдандыру, газ қондырғылардың орнын ауыстыру, жөндеу және ауыстыру;
- реттеу және қауіпсіздік автоматикасының болмауы немесе ақаулығы;
- түтіндіктерде тартудың болмауы;
- газдану қадағалайтын сигнализатордың қосусыз болуы.
Тұншықтырғыш газбен улану УГОП-16 жылыту пештерін пайдалану кезінде жиі болады. Әдетте, тұтынушылар пештің жағдайын қадағаламайды, түтіндіктердегі тартымды да тексермейді. Пештердің жарықшақтары арқылы немесе түтіндіктерде тартымның болмауының саодарынан тұрғын үй-жайларға улы газ кіреді. Осыған байланысты АӨФ УГОП-16 жанарғыларымен жылыту пештерін қауіпсіздік автоматикасы бар жылыту қазандықтарына ауыстыруды ұсынады, олар түтін жолдарында тартым болмаған жағдайда газ беруді тоқтатуды қамтамасыз етеді.
Газ қазандықтарын қауіпсіз пайдалану мақсатында газдандырылған үй-жайларда газдылықты бақылау жүйесі қарастырылған, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығымен бекітілген, «Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі бойынша Талаптардың» 7-бөлімінің 233-тармағына сәйкес тұтынушылар Газдану сигнализаторларын орнатуға міндетті. Газдану сигнализаторлары СЗ-1, СЗ-2 табиғи газ (метан), көміртек оксиді (II) (улы газ) концентрациясын бақылауға арналған.
2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңы 19 бабы сәйкес:
- 1-тармақ - газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдықтарының иелері (тұтынушылары) олардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.
- 3-тармақ - Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді жүзеге асыратын газ тарату немесе газ желісі ұйымымен не газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.
- 5-тармақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын оларға техникалық қызмет көрсетуге шарт жасаспай пайдалануға тыйым салынады.
Осыған байланысты газды тұтынушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын тәуелсіз мамандандырылған ұйыммен газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге шарт жасауы қажет.
Осы талаптар орындалмаған жағдайда және ҚР «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 17-бабы 9-тармағының негізінде, «газ тарату ұйымы мынадай жағдайларда бұзушылықтар жойылғанға дейін тұтынушыға газ беруді біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы:
1) тұтынушының газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік ережелерін бұзуы;
2) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы;
3) тұтынушының газ жабдығын өз бетімен қосуы;
4) газ тасымалдау немесе газ тарату немесе газ желісі ұйымының өкілдерін газ құбырларына, газ жабдығына және есепке алу аспаптарына жібермеу;
5) тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу шартына сәйкес берілген тауарлық немесе сұйытылған мұнай газына дебиторлық берешек болған жағдайларда жүргізіледі.
«ҚТГА» АҚ АӨФ «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңының 30-бабы «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету»,
- 4 - тармағына сәйкес - Түтін және желдету каналдарының, ғимараттардың, үй-жайлардың инженерлік коммуникацияларының кірмелерін тығыздағыштардың иелері олардың жарамды техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті;
- 6 - тармағына сәйкес, 1.19.6 - тарау: желдету және түтін арналары тұрғын үйлердегі табиғи газбен жабдықтау жүйелерін техникалық пайдалану ережелерін мерзімді тексеруден өтуі тиіс:
- жылыту маусымының алдында-маусымдық жұмыс істейтін газ аспаптары мен аппараттарының түтін құбырлары;
- 12 айда кемінде 1 рет - кірпіш, асбестцемент, қыш, ыстыққа төзімді бетонның арнайы блоктарынан жасалған түтін құбырлары, сондай-ақ желдеткіш арналары.
Желдеткіш және түтін шығаратын каналдардың техникалық жай-күйін тексеруді иесінің (тұтынушының) қатысуымен мамандандырылған ұйым жүргізеді.
Түтіндіктерді тексеруді мынадай ұйымдар жүргізіеді:
• Ақтөбе ОС ДПО Пожарная к-сі, 31, тел. 40-16-99
• «Асыл-Зат» ЖШС Ибатов к-сі, 55-33, тел. 51-43-40
• «Пож-Сервис» ЖШС 312 атқыштар дивизиясы даңғ., 24, тел. 50-40-73
• «Іскер Маман» ЖШС Қандыағаш қаласы, тел. 8-705-590-33-68
• «Каз Нац Газ» ЖШС, Мәртөк ауылы, Әуезов көшесі, 48 тел. 24-70-89
• «Шамшырақ» ЖШС тел. 73-64-72
• «Кублашов» ЖК Шалкар қ. 8 (71335)77-8-35
• «Ари-Дар» ЖШС, Металлургов көшесі, 30. Тел.: 50-75-87
• «НацГазАймак» ЖШС, Заводская көшесі, Тел.: 71-21-46
• «Ак-жол» ЖШС, Чернышвский тел: 8 (705) 473-21-77
• «Эверест-1» ЖШС, г.Актобе тел: 8 (705) 323-49-76
• ИП «Амирбаева С.Б.» пр. 312 атқыштар дивизиясы даңғ, 20 тел, 8-708-187-89-25
• ИП Успанов г.Актобе, ул.Ломоносова д.11,кв.52 тел:8-702-432-48-69
Түтіндік және желдеткіш арналарын тексеріп және тазалап, мамандандырылған ұйымның түтіндік және желдеткіш арналарын кезеңдік тексеру Актісін алғаннан кейін, тұтынушы екінші данасын «ҚазТрансГазАймақ» АҚ АӨФ немесе тұрғылықты жері бойынша аудандық газ шаруашылығына тапсыруы қажет.

**ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

- үйге өз бетімен газ кіргізуге, орнын алмастыруға, газ жабдықтарын ауыстыру және жөндеуге.
- қауіпсіздік және реттеу авиоматикасын айыруға.
- газ жабыдықтары және автоматика ақауы болған кезде, түтіндік тартылу болмағанда газды пайдалануға.
- Газды және газ жабдықтарын міндетіне сәйкес емес пайдалануға. Газ плитасын ғимаратты жылыту үшін пайдалануға.
- Газ жабдықтары орнатылған ғимаратты ұйықтау және демелу үшін пайдалануға.
- газдандырылған пештер мен мұржалардың тығыздығын қалау, сылақ (жарықтар) бұзған жағдайда газды қолдануға.
- Мамандандырылған ұйымдардың түтіндіктер және желдету арналарын мерзімдік тексеруге берілген актілерінің әрекет мерзімі аяқталған соң газды пайдалануға
- Үздіксіз жұмысқа саналған және осы үшін арнайы автоматикасы бар жұмыс жасап тұрған газ аспаптарын қалдыруға.
- Газдың шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға.
- Өз іс-әрекеттерін бақылай алмайтын және бұл аспаптарды қолдану ережелерін білмейтін мектепке дейінгі жастағы балаларды газ аспаптарын пайдалануға жіберуге.
-Ғимараттарда және жертөлелерде бос және толтырылған сығылған газ баллондарын сақтауға.
- Газ пайдалану құралдары орнатылған бөлмеде газдану дабылқаққыштарын сөндіруге.

**ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚАЖЕТ:**

Қыс айларында түтіндіктің бас жағына мұз қатып қалу және бітеліп қалу салдарын болдырмау мақсатында оны жиі тексеріп тұру қажет.
Газ жабдығында ақау болғанда, Сізбен жасалған келісім-Шартқа сәйкес үйішілік газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуге Аттестаты бар ұйымдарға, сондай-ақ газ шаруашылығының апаттық қызметінің телефондарына жолығуды сұраймыз:
Ойыл ауданы. – тел. 8-( код 71332)-2-15-59; 104
Көшелер бойынша, тұрғын үйлердің алаңдары бойынша өткен кезде бей-жай қалмаңыз және қырағылық жоғалтпаңыз. Газдың иісін анықтаған кезде дереу 104, телефондары бойынша қоңырау шалыңыз. АӨФ авариялық – диспетчерлік қызметі тәулік бойы жұмыс істейді.
Есіңізде болсын, газдың шығуы жарылысқа, өртке және адамдардың өліміне алып келуі мүмкін. Дер кезінде қоңырау шалу өмірін, денсаулығы мен мүлкін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

# ОЙЫЛ АУДАНЫ, ОЙЫЛ АУЫЛЫНЫҢ АТАУСЫЗ КӨШЕСІНЕ ЖАҢА АТАУ БЕРУ ТУРАЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИЫНЫНЫҢ № 6 ХАТТАМАСЫ

Ойыл ауылы «26» қыркүйек 2022 жыл

Ойыл ауылында жергілікті қоғамдастық жиналысында қатысуға құқығы бар мүшелер саны : 15.

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ:**

1. Ойыл ауылдық округі әкімі Даулеткалиев Сандибек Токсанбаевич,
2. Жергілікті қоғамдастық мүшелері
3. Ойыл ауылының тұрғындары
4. Қойбағаров Серікбай - қоғамдастықтың төрағасы
5. Ерменова Райхан - қоғамдастықтың хатшысы

Қоғамдастық мүшелері қатысқан адам саны – 15.
Жергілікті қоғамдастық жиналысын Ойыл ауылдық округі әкімі С.Даулеткалиев ашты.

**КҮН ТӘРТІБІ :**

Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылындағы атаусыз көшесіне жаңа атауын беру туралы.
Жиында қоғамдастықтың төрағасы С.Қойбағаров күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталып, Республикалық ономастика комиссиясының отырысында қаралып мақұлданған «Тарихи тұлғалар», «Тарихи жер-су атаулары» және «Дәстүрлі атаулар» тізімдерінен «Рәбиға Сыздық» атауын беруді ұсынды.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

Т. Шалабаев – Күн тәртібіне қойылып тұрған мәселе өте дұрыс. Елімізде туылған беделді азаматшасы. Рәбиғаның ғылымдағы жүріп өткен жолы – көпке үлгі боларлық тағылымды жол, ал оның тағдыры советтік дәуірде туып, білім алған, ғылымға құлаш сермеген қазақ қызының өнегелі тағдыры. Рәбиғаны қазақ тілінің жанашыры, Абай шығармаларының тілін зерттеген үлкен ғалым бола білгенін білеміз. Бұл кісі туралы сағаттар бойы айтуға болады. Осындай азаматшамыз Ойыл топырағында туылғанына қуанамын, әлбетте барлық қоғамдастық мүшелері қолдайды деп ойлаймын.
Б.Бисекенов – Рәбиға Сыздық апамыз қазақ тілі біліміне көп еңбек сіңірді. Кешегі репрессия құрбандары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов сынды ғұламалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалым. А. Байтұрсынұлының ақталуына қажет анықтама жазғанын оның өмірбаянынан оқып білуге болады. Қазақ тілінің нағыз жанашыры бола білді. Осы жерде отырған қоғамдастық мүшелері Ойыл ауылымыздың атаусыз көшелерінің біріне ұсынылып отырған Рәбиға Сыздық есімін бір ауыздан қолдайды деп ойлаймын.
С.Қойбағаров – Енді осы ұсынысты дауысқа салу қажет деп санаймын. Сонымен дауысқа салсақ.
Ойыл ауылдық округінің атаусыз көшесіне жаңадан атау беру туралы сұрағы бойынша санау үшін дауысқа салынады.
(дауыс беруге қатысушылардың қол көтеруімен ұсыныстар анықталды)
«Жақтады» - 15
«Қарсы» - 0
«Қалыс қалғандар жоқ» - 0
Қоғамдастықты тыңдауға қатысып отырған азаматтардың дауыс беру қортындысы бойынша Ойыл ауылдық округінің атаусыз көшесіне атау беру мақұлданды.
Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бір ауыздан қолдап

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ойыл ауылдық округі бойынша атауы жоқ көшесіне «Рәбиға Сыздық», атауы берілуі ұсынылсын.
2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылсын.

**Жиын төрағасы:**
**С.Қойбағаров**
**Жиын хатшысы:**
**Р.Ерменова**

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ 1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ӨСТІ
## БЖЗҚ-НЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,97 трлн. теңге зейнетақы жинақтары қалыптасты. Бір жыл ішінде (01.09.2021ж. - 01.09.2022 ж.) сома 1,02 трлн теңгеге немесе 7,9 % өсті.
Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 13,6 трлн. теңгені құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары 416,0 млрд теңге, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен 3,0 млрд теңге. Кіріс ағындары, атап айтқанда, жарналар биыл көбейе түсуде. 2022 жылдың сегіз айында салымшылардың шоттарына жалпы көлемі шамамен 1,1 трлн теңгезейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 29% немесе 246,7млрд теңгеге көп. Өсім жарналардың барлық түрі бойынша болғанын атап өту керек. Жарналардың жалпы көлемінің 95,3% БЖЗҚ-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды – 1,0 трлн теңге (соңғы 12 айдағы өсім 29%), МКЗЖ бойынша 50,1 млрд теңге (өсім 37%) түссе, ЕЗЖ бойынша 1,6 млрд теңге (өсім 293%) аударылды.
Зейнетақы жинақтарының айтарлықтай өсуі 2022 жылғы 1 қаңтар мен 1 қыркүйегі аралығында шамамен 694,7 млрд теңгені құраған таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді.
2022 жылдың 1 қыркүйегіне БЖЗҚдағы жеке зейнетақы шоттарының саны 12,0 млн бірліккежетті. Шоттардың ең көп үлесі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылды – 10 907 012 бірлік. МКЗЖ бойынша қалыптасқан шоттар 581 410 бірлік болса, ЕЗЖ есебінен қалыптасқан жеке зейнетақы шоттарының саны 346 793 бірлікке жетті.
Жыл басынан бері БЖЗҚ өз салымшыларына 1 триллион теңгеден асатын сома төледі. Оның басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады – 868,3 млрд теңге. Жасына байланысты төлемдер – 75,9 млрд теңге, мұрагерлік бойынша төлемдер – 43,2 млрд теңге, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – 34,0 млрд теңге, сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен 17,5 млрд теңге, жерлеуге арналған төлемдер – 3,7 млрд теңге және мүгедектік бойынша төлемдер – 1,6 млрд теңге.
Атап кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем (зейнет жасына толуына байланысты) 29 859 теңге, ал ай сайынғы ең жоғары төлем 707 326 теңге болды.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

## КАЗАХСТАНЦЫ ЗА ГОД УВЕЛИЧИЛИСВОИ ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ НА1 ТРИЛЛИОН ТЕНГЕ
## КЛЮЧЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ЕНПФ НА 1 СЕНТЯБРЯ

На 1 сентября 2022 года на счетах вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда сформированы пенсионные накопления на сумму13,97 трлн тенге.За год (01.09.2021-01.09.2022 г)сумма выросла на 1,02трлн тенге или 7,9%.
Основная сумма пенсионных накоплений сформировалась за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и составила 13,6 трлн тенге. Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила 416,0 млрд тенге, сумма пенсионных накоплений по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) составила порядка 3,0 млрд тенге.
Входящие потоки, в частности, взносы в этом году продолжают увеличиваться. За восемь месяцев2022 года на счета вкладчиков поступили пенсионные взносы в общем объёме порядка 1,1трлнтенге, что превысило показатель за аналогичный период 2021 года на 29% или на 246,7 млрд тенге.Надо отметить, что рост произошел по всем видам взносов. Из общего объёма взносов 95,3% составляют поступления в ЕНПФ по ОПВ – 1,0трлн тенге (рост за последние 12 месяцев 29%), по ОППВ поступило 50,1 млрд тенге (рост 37%).1,6 млрд тенге (рост 293%) было перечислено по ДПВ.
Значительный прирост пенсионных накоплений был обеспечен благодаря чистому инвестиционному доходу, который с 1 января по 1 сентября 2022 года составил 694,7 млрд тенге.
Число индивидуальных пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 сентября 2022 составило 12,0 млн единиц. Наибольшее количество счетов открыто по обязательным пенсионным взносам (ОПВ) – 10 907 012единицы. Количество счетов, сформированных за счёт ОППВ-581 410ед.,ИПСпо учету ДПВравняется346 793ед.
С начала года ЕНПФ выплатил свыше 1 триллионатенге. Большую часть выплат составили единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение - 868,3млрд тенге. Выплаты по возрасту составили75,9 млрд тенге, выплаты по наследству - 43,2 млрд тенге,- выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК - 34,0 млрд тенге, в страховые организации переведено порядка 17,5 млрд тенге, выплаты на погребение - 3,7 млрд тенге и выплаты по инвалидности - 1,6 млрд тенге.
Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 29 859тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты 707 326тенге.

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»**

# АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ОТБАСЫНА ҚАНДАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?

Елімізде асыраушысынан айырылған отбасына мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік төлем бар. Бұл жәрдемақыны алуға Қазақстан азаматтарынан бөлек, елімізде тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да құқылы.

**Бұл төлем қалай төленеді? Жәрдемақы көлемі қанша? Әлеуметтік төлемге өтініш беру үшін қандай құжаттар керек?**

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, қыркүйектегі жағдай бойынша асыраушысынан айырылғандар саны 180,1 мың адамға жеткен. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы мөлшері қайтыс болған (қаза тапқан) асыраушының асырауындағы адам санына, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты есептеледі. Айта кетейік, асыраушысынан айырылған жағдайда мемлекет тарапынан тағайындалатын әлеуметтік төлемдерге Қазақстан азаматтарынан бөлек, елімізде тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да құқылы. Егер ол бірнеше мемлекеттік жәрдемақы алуға құқылы болса, (мүгедектігі, жасы және т.б.), онда мемлекеттен тек бір ғана жәрдемақы тағайындалады.

**Асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем кімге және қалай төленеді?**

- балаларға (асырап алынған балаларын, өгей балаларын және өгей қыздарын қосқанда), қайтыс болған асыраушыдан бөлек еңбекке жарамды туысы жоқ, он сегіз жасқа толмай мүгедек болып қалған ағалары, апасіңлілері мен немерелеріне, алимент алмайтын өгей балаларына;
- зейнетке шыққан әкесі, шешесі (асырап алушыларды қоса алғанда), әйелі, күйеуіне;
- қайтыс болған асыраушының сегіз жасқа толмаған баласын бағатын еңбекке жарамды ағасына, әпкесіне, ата-анасы немесе ата-әжесіне;
- күнкөріске жеткілікті қаражаты жоқ зейнетке шыққан атасы мен әжесіне.

Айта кететін жайт, асыраушысынан айырылған кәмелет жасына толмаған баланы басқа біреулер асырап алған жағдайда да, ол жәрдемақы алу құқығын сақтай алады. Бұған қоса, колледж бен университетте оқитын отбасы мүшелері 23 жасқа толғанға дейін әлеуметтік төлем алуға құқылы. Ал ата-анасынан айырылған бала үшін жәрдемақы оның ресми өкіліне беріледі.
Әлеуметтік төлем мөлшері отбасы мүшелерінің санына қарай тиісінше ұлғайтылады немесе азайтылады. Сондай-ақ, отбасы мүшелерінің саны өзгерген жағдайда есептеу қайта жасалады. Асыраушылардың яғни ата-ананың екеуі де қайтыс болған жағдайда, төлем оның балаларын асырап алушыға (қамқоршыға) төленеді.

**Жәрдемақы көлемі қанша?**

Асыраушысынан айырылғандарға ай сайынғы жәрдемақы ең төменгі күнкөріс деңгейіне сәйкес тағайындалады. Жәрдемақы мөлшері еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің санына қарай бекітіледі. Толығырақ төмендегі суреттен таныса аласыздар.

**Әлеуметтік төлемге өтініш беру үшін қандай құжаттар керек?**

- жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ҚР-да тұруға ықтиярхаты) немесе қандас мәртебесі бар адамдар үшін қандас куәлігі - жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі;
- асыраушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы соттың шешімі;
- қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адаммен туыстық қатынастарды растайтын құжаттар, баланың (балалардың) туу туралы мәліметтері, қайтыс болған асыраушының консулдық легализациясы не арнайы штампы (апостилы) болған кезде шет мемлекеттердің құзырлы органдары берген баланың Қазақстан Республикасынан тыс жерде тууын тіркеу туралы және неке (ерлі-зайыптылық) және некені бұзу туралы, асырап алу туралы, әке (ана) болуды белгілеу туралы куәліктер;
- он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі отбасы мүшелерінің білім алатыны немесе күндізгі оқу нысанында білім алатыны туралы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан алынған анықтамалар (жыл сайын жаңартылады);
- қамқоршы немесе қорғаншы белгілеу туралы құжат;
- банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі.

**Жәрдемақы қанша уақыт ішінде тағайындалады және қайда жүгіну керек?**

Тұрғылықты жердегі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшесінде 3 күнтізбелік күн ішінде қызмет көрсетіледі. Тағайындау мерзімі өтініш беруші мемлекеттік корпорацияға барлық қажетті құжаттармен тіркелген күннен және әлеуметтік төлемді тағайындауға келісім алған күннен бастап сегіз жұмыс күнінен аспайды. Қызметті онлайн режимінде Қазақстан Республикасының «Egov» электрондық үкіметінің сайтынан алуға болады.
Айта кетейік, 2021 жылғы 12 қазанда әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Соған сәйкес, мүгедек балалар бірден екі түрлі жәрдемақы алу құқығын алды. Бұл асыраушысынан айырылған және мүгедек балалары бар отбасылардың табыс деңгейін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Бұрын қолданыста болған заңнама нормасына сәйкес, ата-анасының біреуі немесе екеуі (яғни асыраушысы) қайтыс болған жағдайда, бала мүгедектігі бойынша немесе асыраушысынан айрылуына байланысты жәрдемақының біреуін ғана ала алатын еді. Енді 2 мыңнан астам бала мүгедектігіне берілетін жәрдемақымен (2022 жылғы мөлшері 50 426-дан 69 155 теңгеге дейін) қатар асыраушысынан айырылуы бойынша төленетін жәрдемақыны да (2022 жылғы мөлшері 12 667-тен 30 976 теңгеге дейін) ала алады.

## 2022 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Жергілікті атқарушы органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| «Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Косдаулетов Иргизбай Тулеуович, Қайыңды ауылдық округінің әкімі | 7,14,21,28 қазан<br>4,11,18,25 қараша<br>2,9,16,23,30 желтоқсан | Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6 үй,<br>Тел: 74-8-10 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының нөмірі 74-8-14. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жәшігі орнатылған.

## САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Жергілікті атқарушы органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| Саралжын ауылдық округі әкімі | М.Тажигалиев | Қазан 6,13,20,27<br>Қараша 4,11,18,25<br>Желтоқсан 1,8,15,22,29<br>Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін | Ботакөз көшесі – 2 № 12<br>74 – 001 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.
Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

## 2022 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Жергілікті атқарушы органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты»ММ | Избасов Адилбек Жансерикович Округ әкімі | 6, 13, 20, 27 қазан<br>3, 10, 17, 24 қараша<br>1, 8, 15, 22, 29 желтоқсан<br>Уақыты: сағ. -10:00 ден -12:00 ге дейін | Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12 73-2-62<br>bersiev_79@mail.ru |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 37 – 5 – 34 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

## 2022 ЖЫЛДЫҢ – IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Жергілікті атқарушы органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Даулеткалиев Сандибек Токсанбаевич<br>Ойыл ауылдық округінің әкімі | Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері.<br>Уақыты:<br>сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін. | Ойыл селосы, Көкжар көшесі № 69<br>2-10-20 |
| «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Амангосов Артур Сарсенбаевич<br>Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары | Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері.<br>Уақыты:<br>сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін. | Ойыл селосы, Көкжар көшесі № 69<br>2-10-20 |

## ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ IV- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Ойыл ауданы әкімінің аппараты | Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі | Қазан айының 13, 20, 27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты | 2-12-23 |
| | | Қараша айының – 3, 10, 17 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | | Желтоқсан айының – 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |

## 2022 ЖЫЛДЫҢ IV - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж.,лауазымы | Азаматтарды қабылдаукүні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Ойыл ауданы әкімінің аппараты | Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары | Қазан – 4, 11, 18 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты | 2-12-23 |
| | | Қараша – 1, 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | | Желтоқсан – 6, 13, 20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары | Қазан – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | | Қараша – 2, 9, 16, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | | Желтоқсан – 7, 14, 21 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы | Қазан – 7, 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | | Қараша – 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |
| | | Желтоқсан – 2, 9, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін | | |

## 2022 ЖЫЛДЫҢ IV-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі | Адилханов Болатбек, бөлім басшысы | 7,14,21,28 қазан<br>4,11,18,25 қараша<br>2,9,23,30 желтоқсан күндері<br>Уақыты:сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін | Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат | 2-11-54 |

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының номері 2-11-54.
Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс –пікір салу үшін жәшік орнатылған.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ШЖҚ «Ойыл аудандық аудандық аурухана» МКК мекемесіне қарасты Екпетал ауылы Жасыл ел көшесі, 17/1 үйі қазіргі таңда медициналық қызметтік шараларын атқарып тұрған Екпетал медициналық пунктісі жылжымайтын мүлік ретінде тіркеуде тұрғанын, мүліктерге иелік құқы бар жеке және заңды тұлғалардың иелік құқығын растайтын құжаттарымен аудандық қаржы бөліміне келіп жолығу қажеттілігі, егер иелері болып хабарласпаған жағдайда сот шешімі арқылы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын меншігіне алынады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ШЖҚ «Ойыл аудандық аудандық аурухана» МКК мекемесіне қарасты Көптоғай селолық округі, Қарасу ауылы Алашорда көшесі, 9 үйі қазіргі таңда медициналық қызметтік шараларын атқарып тұрған Қарасу медициналық пунктісі жылжымайтын мүлік ретінде тіркеуде тұрғанын, мүліктерге иелік құқы бар жеке және заңды тұлғалардың иелік құқығын растайтын құжаттарымен аудандық қаржы бөліміне келіп жолығу қажеттілігі, егер иелері болып хабарласпаған жағдайда сот шешімі арқылы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын меншігіне алынады.

## САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ IV-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні | Қабылдау күндері мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| Сарбие ауылдық округі әкімі Д. Бисебаев | Қазан 4,7,11,14,18,21,25,28<br>Қараша 1,4,8,11,15,18,22,25,29<br>Желтоқсан 2,6,9,13,15,20,23,27 | Жастар көшесі № 16 | 35-2-20 |

## 2022 ЖЫЛДЫҢ IY - ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі | Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, округ әкімі | Әр аптаның бейсенбі күні.<br>Уақыты:<br>Сағат: 10:00 – 12:30 | Еңбеккерлер көшесі, №6 | Сенім телефоны 8-(71-332)-73-6-01 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Мекеме қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі **8-71-332-73-6-01 сенім телефонына** хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс – пікір, арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

## 2022 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Асылбаев Ерлан Базарбаевич, Көптоғай ауылдық округінің әкімі | Қазан- 5,12,19,26<br>Қараша – 2,9,16,23,30<br>Желтоқсан – 7,14,21,28.<br>Уақыты: 10:00-ден – 12:30-ға дейін | Көптоғай селосы Достық көшесі №6 | 74-5-11 |

# ОБАНЫҢ ОШАҒЫ ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА БІРАҚ, САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ!

Оба – адамзатқа ертеден белгілі ең қауіпті жұқпалы ауру. Оба – антропонозды, яғни жануардан адамға таралуға қабілеті бар аса қауіпті карантиндік табиғи ошақты инфекциялық ауру. Обаның табиғи ошақтары Қазақстанның 41 % жерін қамтыса, Ақтөбе облысы аумағындағы обаның табиғи ошағының жалпы көлемі 139 мың ш/м, яғни облыс аумағының 46 % құрайды. Ойыл ауданы бойынша обамен қолайсы эпизоотологиялық аумаққа Қараой, Сарбие округтері жатқызылған. Осы аумақтағы контингенттер жыл сайын обаға қарсы вакцинацияланады. Ауылдық жерлерде адамдардың оба инфекцясын жұқтыру қаупі негізінен далалық жұмыстар, далада демалу кезінде бүрге шағуынан және түйе малы арқылы жұғуы мүмкін. Обаның өкпелік, ішектік, тері-бубондық, септикалық түрлері болады. Оба инфекциясының берілу жолдары:

-рансмиссивті (кенелер,бүргелер шағу арқылы беріледі)

-Ауа-тамшылы,ауа-шаң арқылы(обаның өкпелік формасымен ауырған науқастан, кеміргіштердің терісін өңдегенде)

-Қарым-қатынас(зақымдалған тері және шырышты қабат арқылы)

-Алиментарлы (обамен ауырған жануардың термиялық өңдеуден өтпеген етін пайдаланғанда, ластанған су арқылы)

Ауру қоздырғышы бүргелермен тасымалданады, негізгі сақтаушысы кеміргіштер.

Обаның микробы жұққан жағдайда ауру белгілері 2-6 күннен соң біліне бастайды. Дене қызуының көтерілуі, бас ауыруы,лоқсу,сандырақтау белгілері көрінеді. Ауру кейде жеңіл өтуі де мүмкін. Ауру белгілері оның жұғу түріне байланысты болады. Аңның, тышқанның (қосаяқтың) терісін, обадан өлген түйені сойғанда жұқса, ол адамның қолтық пен тамақ бездері іседі. Ал бүрге, кене арқылы жұққан болса, шаққан жерге таяу бездер ісініп, қабынады, аяқтан шақса адамның шап бездері, кеудеден, қолдан немесе мойыннан шақса сол адамның қолтық, тамақ бездері іседі. Қабынған бездерде қатты ауру пайда болып, қол тигізбейді. Без обасы асқынған кезде адамның өкпесіне шабады. Мұндай жағдайда науқас жөтелгенде, шашалғанда қан аралас қақырық тастайды. Ауру адамның сілекейіндегі микробтар үй ішіне тез таралып, сау адамдарға жұғуы мүмкін.

Қоздырғыштардың сыртқы ортада сақталуы:

Оба инфекциясының қоздырғыштары шикі сүтте 5 күнге дейін, тұздалған шикі етте 130 күнге дейін, дала топырағында 27, өлген мал, адам денесінде 60 күнге дейін сақталады.

Ауылдық жерлерде оба аса қауіпті инфекциясының алдын – алу шаралары:

-Тұрғын үйдің іші мен айналасында тазалықты сақтап,тышқандар мен бүргелерді жою шараларын жүргізу;

-Жалпы ауылшаруашылық жануарды, соның ішінде түйе соятын болсаңыз, ветеринарға хабарлап, тексеруден өткізгеніңіз дұрыс;

-Елді–мекендерде, жеке үй-жайларда кеміргіштермен, бүргелермен күресті күшейту;

-Түйелерге обаға қарсы екпе салдыру, ветеринариялық маманның тексеруімен, рұқсатымен сою.

**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы**

# ЕСКЕ АЛУ



**Дулат Набиұлы Наубетов**
(01.10.1960ж.-30.10.2021 ж.)

Былтыр күзде бәрі жақсы болатын,
Жыл еді ғой, сен 60-қа толатын.
Қуанышты күндеріміз кенеттен,
Бұлт үйіріліп, қайғы әкелген болатын.
Сене алмадық, сену қиын екен де,
Асқар таудың құлағаны бір күнде.
Қанша туыс болса-дағы қасымда,
Өзіңді әке, іздей берем расында.
Немерелер сағынып жүр олар да,
Келеді деп ойлап жүрген болар ма?
Ата қашан келеді деп сұраса,
Жүрек құрғыр сыздап кетер жарыла!
Еске алдық бүгін туған күніңде,
Бағышталды құрандағы өзіңе.
Ұрпағыңды желеп-жебеп жүргейсің
Жатқан жерің жайлы болып тегінде.
*Еске алушылар: балалары.*



**Аязбай Базарбайұлы Базарбаев**
01.01.1932 ж - 02.10.1982 ж.
Өмірден ерте озған аяулы әкеміз сағынышпен еске аламыз!

Алда өмір кештері бар таңы бар,
Әр пенденің ұмытылмас шағы бар,
Жер бесікте тербелсең де Әкешім,
Ұрпағыңның сағынышын қабыл ал!

Түнеріп қайғы бұлты төніп келіп,
Бұл тағдыр сұм ажалға беріпті ерік,
Әкешім 50-жаста кете бардың,
Жаныңның бар жылуын беріп тұрып.

Жалғастырып мына өмірдің тірлігін,
Көрсетпеді көңілдегі кірбіңін.

Әке сенің жоқтығыңды білдірмеген,
Анамызда ортамызда жүр бүгін.

Халықта білетін ед тегіс мұны,
«Шәңке» еді қызу қырман кеңістігі,
Жан әке өзіңізсіз бітпеуші еді,
Берсиев совхозының егістігі.

Қырман басы мол астыққа толатын,
Қызметіңіз тым ауырлау соғатын,
Тұқым улау, оны сақтау қоймада,
Бәрі сіздің міндетіңіз болатын.

Кеттің әке өмір мәнін ұқтырып,
Қалған едік қос жанарға шық тұрып,
Бәрімізді ерте есейтті бірақ та,
Анамыздың бойындағы мықтылық.

Бізге арналды талай күн, жылдарыңыз,
Жатыр ғой бұл өмірде тұлғалы із,
Әр салада еңбек етіп абыроймен,
Өсіп-өнді ұл менен қыздарыңыз.

Демеңіз бір-бірінен тысқары отыр,
Анамыз бәрін өзі нұсқап отыр,
Сіз кеткенде 10 жастағы Ерланыңыз,
Бүгінде шаңырақты ұстап отыр.

Жаптың әке өмірдің ерте есігін,
Қадірлі әрқашанда бізге есімің,
Жаныңыз жәннатта боп асыл әке,
Мәңгілік жарық болсын жер бесігің.
Еске алушылар: зайыбы Дәмеш, балалары, ұрпақтары.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1379
Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

